

3. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарттары. -А, 1993 ж. – 125 б.
4. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. –Алматы, 1998 ж. – 452 б.
5. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. -А, 1991ж.-148 б.
6. Кішібеков Д., Сыздықов Ұ. Философия. -А, 1994ж.-112 б.

## ҒТАМР 02.71

### АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛ ХАҚЫНДА

**А.Т. МӘДЕН, А.Қ. ҚОЙМҰРАТ**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,*

*Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада Ақтөбе облысындағы қазіргі діни ахуал, өңірде өткен ғасырдың 90-жылдардың басында дәстүрлі емес діни ұйымдардың пайда болу тарихы, қазіргі уақыттағы діни білім беру, дінтанушы мамандарды дайындау мәселелері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** дін, діни ахуал, діни ұйым, діни білім, дінтану.

**Аннотация.** В статье рассматриваются современная религиозная ситуация в Актюбинской области, история появления нетрадиционных религиозных объединений в начале 90-х годов, преподавание религиозного образования, а также проблема подготовки специалистов-религиоведов.

**Ключевые слова:** религия, религиозная ситуация, религиозное объединение, религиозное образование, религиоведение.

**Annotation.** The article discusses the contemporary religious situation in the Aktobe region, the history of the emergence of non-traditional religious associations in the early 90s, the teaching of religious education, as well as the problem of the training of religious experts.

**Key words:** religion, religious situation, religious association, religious education, religious studies.

Қазіргі таңда Ақтөбе облысы еліміздегі экономикасы қарыштап дамып, халқының саны күннен-күнге өсіп келе жатырған өңір. Өңірдің дамуының негізгі драйвері Ақтөбе қаласы болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың өзі Ақтөбені еліміздегі тұрғындары миллионнан асуы тиіс қалалар қатарына қосып, орнын айқындап берді. Облыстың халқының саны артқан сайын оның діни сипаты да алуан түрлі болатындығы түсінікті. Бұл жағдайға өңіріміздің өркениеттер қиылысында, әртүрлі этникалық, экономикалық, саяси, мәдени процестердің астасып жатқан аймағында орналасуы да ықпал ететіндігі сөзсіз. Сондықтан, бүгінгі мақаламызда облысымыздағы осы діни ахуалға шолу жасауды мақсат етіп отырмыз.

Ақтөбе облысының дін істері басқармасының 2018 жылдың II-тоқсанына арналған есебіне сенсек, бүгінгі таңда Ақтөбе облысы аумағында 10 конфессияны қамтитын 91 тіркелген діни бірлестіктер мен филиалдар қызмет атқаруда. Олардың 67-сі мұсылман

қоғамы болса, 8-і – православие, 2-уі – католик, 13-і – протестанттық, 1-уі – дәстүрлі емес («Кришна санасының Ақтөбе қоғамы») бағытында жұмыс жасайды [1].

Жалпы облыс аумағында дәстүрлі емес діни ұйымдардың біршама таралғандығын атап өткен жөн. Олардың негізгі дені Ақтөбе қаласында шоғырланған. Жоғарыда аталған Дін істері басқармасының тағы бір мәліметі бойынша Ақтөбе қаласында протестанттық бағыттағы «Рим-католиктік «Қайырымды Пастор» қауымы», «Евангелдік христиан-баптистердің «Үміт» Ақтөбе шіркеуі», «Христиандық евангелшіл елуіншілердің «Өмір бұлағы» шіркеуі, «Ақтөбе қаласының жетінші күн христиан адвентистерінің жергілікті шіркеуі», «Ақтөбе облысындағы Христиандық Новоапостолдық шіркеуі» және жоғарыда аталған «Кришна санасының Ақтөбе қоғамы» [2] сынды діни ұйымдар қызмет етіп отыр. Бұл діни ұйымдар жергілікті тұрғындар, соның ішінде жастар арасында белсенділік танытуда.

Тарихқа үңілсек бұл дәстүрлі емес діни ұйымдар облыс аумағына өткен ғасырдың 90-жылдарының басында келгендігі байқалады. Ол жөнінде жергілікті Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінде бірнеше құжаттар сақталған. Соның бірі бойынша Ақтөбе қаласы әкімшілігі басшысының 1992 жылғы 25 наурыздағы №79 шешімі бойынша «Ақтөбе қаласының Новоапостоль шіркеуінің» Жарғысы тіркеледі. Оны тіркеу жөніндегі арызды ұйымның сол кездегі басшылары В.П.Варкентин мен В.К.Миллер берген. Халық депутаттары Ақтөбе облыстық кеңесі атқару комитетінің діни ұйымдармен байланыс бөлімінің қорытындысындағы мәліметтерге қарасақ, бұл ұйым Германиядан келген миссионерлер Ж.Адам мен В.Ленцтің миссионерлік қызметінен кейін пайда болған [3, 153-155 пп.]. Осы ұйымға қала әкімшілігі басшылығының 1992 жылғы 21-қазандағы №925 шешімі бойынша шіркеу құрылысын жүргізу үшін Транспортная көшесінен 1300 шаршы метр жер берілген [4, 66 п.].

Жарғысы тіркелген келесі діни ұйым «Жетінші күн адвентистерінің шіркеуі» болды. Тіркеу жөніндегі арызды шіркеу пасторы Я.А.Рольгойзер берген. Ұйымның Жарғысының 1990 жылы 17 қарашада қабылданғандығы көрсетілген. Бұл ұйым Жарғысы қала басшысының 1992 жылғы 1 сәуірдегі №86 шешімі бойынша тіркеледі [5, 238-239 пп.].

Көріп отырғанымыздай, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бос қалған діни вакуумды осындай жат жерлік дәстүрлі емес діни ұйымдар (ашығын айтқанда секталар) толтыруға тырысты. Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында осы мақсатты көздеген шет елдік миссионерлер елімізге ағылды. Жоғарыда аталған дәстүрлі емес конфессиялардың барлығының түпкі шыққан тегі христиандық болса, исламдық бағыттағы деструктивті ағымдар да қарап қалмады. Елімізде тараған исламдық жана діни ағымдар қатарында қазіргі кезеңдегі сопылық, уаһхабшылдық, Бахаи сенімі және т.б. атап өтуге болады. Жалпы, өткен

ғасырдың 90-жылдары мен жаңа ғасырдың алғашқы он жылдығында мұндай дәстүрлі емес діни ұйымдардың қызметіне, кейбір асыра діншіл азаматтарымыздың іс-әрекеттеріне елімізде ешқандай бақылау болмағандығын мойындауымыз қажет. «Діни сенім бостандығы» деген ұранмен көп уақытты жіберіп алдық. Халықтың осы уақыттағы дінге деген жаппай сұранысын қанағаттандыра алмадық, жүйелі діни сауаттандыруға бағытталған іс-шараларды қабылдау мүмкін болмады. Соның салдарынан жастарымыз адаса бастады, жат діни ағымдарға бас ұрды. Осы жағдай ақырында 2012, 2016 жылдары еліміздің батысында, және басқа аймақтарда орын алған террористік актілерге алып келді. Сол оқиғалардан кейін үкімет, күштік құрылымдар дін, діни ұйымдар мәселесіне жаңаша қарай бастады. Дер кезінде қабылданған іс-шаралардың (заңнамаларды өзгерту, діни ұйымдардың қызметіне бақылауды күшейту, т.б.) нәтижесінде елдегі діни ахуалды тұрақтандыруға мүмкіндік туды.

Дәстүрлі емес діни конфессиялар, миссионерлік қызмет мәселесін жалғастырсақ, Дін істері басқармасының мәліметінше облыста 5 шет мемлекеттерден (Польша, Испания, Италия, Молдова, Египет) келген 4 конфессия тарапынан 16 миссионер қызмет атқаруда. Жоғарыда аталған дәстүрлі емес діни бірлестіктер мен миссионерлердің барлығы да ресми тіркеуден өтіп, жұмыс жасап жатыр. Дегенмен, олардың қызметіне үнемі бақылау орнатып, мониторинг жүргізіп отыру қажет.

Діни ахуалды тұрақтандыру, деструктивті құбылыстардың алдын-алу бағытындағы маңызды мәселе – ол халықтың діни білімге деген сұранысын қанағаттандыру, жастарды діни сауаттандыру болып табылады. Осы орайда, қазіргі таңда айтарлықтай деңгейде шешімін тауып келе жатырған сұрақ – ол облыстағы мешіттерді діни білімі бар имамдармен қамту мәселесі. Өйткені, дінге бет бұрған жастар арнайы білімі бар имамнан уағыз тыңдап, діни сауатын арттыру тиіс.

Дін істері басқармасының есебі бойынша 2018 жылдың басында Ақтөбе облысында 67 мешіт тіркелген. Оларда жоғары және арнаулы орта діни білімді (медресе) және теологиялық курстардан өткен 105 дін мамандары (имам, наиб-имам, азаншы, молда, мешіт ұстаздары) қызмет атқаруда. Солардың 63 %-нің жоғары және арнаулы орта теологиялық білімдері бар. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 19 %-ке өскен (2017 жылы – 44 %). Бүгінгі таңда өңір мешіттері діни қызметкерлермен, имамдармен толық қамтылған. Демеушілердің көмегімен олардың біліктілігін арттыру, имамдардың жалақысын көтеру және қосымша шәкіртақылар тағайындау жұмыстары да қолға алынуда. Жалпы алғанда, мешіттерді 100 % арнайы діни білімі бар діни қызметкерлермен қамту көзделіп отыр.

Облыс көлемінде қызмет атқарып жүрген 8 православтық және 2 католиктік діни бірлестіктерінің 8 (6 православтық және 2 католиктік) ғимараты халыққа қызмет көрсетуде.

Православие бағытындағы діни бірлестіктер жоғары және орта білімді мамандармен қамтылған. Жергілікті православие өкілдері деструктивті ағымдардың алдын алу мақсатында облыс көлемінде жүргізіліп жатқан шараларда кеңінен қолданылуда [1].

Жергілікті атқарушы билік тарапынан өңірге қажетті діни мамандарды дайындау ісіне де мүмкіндігінше көңіл аударылып келеді. Діни қызмет атқаратын мекемелерді одан әрі кадрмен қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылы Ақтөбе облысынан «Нұр Мүбәрак» университетінде 48, Қазан қаласындағы Ресей Ислам университетінде 22 студент тегін білім алуға. Білім алушылардың оқу ақысын жергілікті атқарушы орган төлеп отыр.

Діни мамандарды дайындау ісіне Ақтөбе облысының Алға ауданына қарасты Бестамақ ауылында орналасқан Ақтөбе медресе колледжі де атсалысып келеді. Колледж 2008 жылы орталық мешіт жанынан ұйымдастырылған медресе негізінде құрылған. «Ақтөбе медресе колледжі» 2016 жылдың 12 тамызында жеке мекеме ретінде қайта тіркеліп, білім беру қызметімен айналысуға мемлекеттік лицензиясын иеленді (2016 жыл 20.12 № KZ16LAAA00007964). «Ақтөбе медресе колледжі» жеке мекемесінің директоры – теология магистрі Дәуренбеков Әбдімүтәлі Қайназарұлы.

«Ақтөбе медресе колледжі» жеке мекемесінің оқу процесі ҚМДБ бекіткен дәстүрлі Ислам дінінің сүнниттік Әбу Ханифа мәзһабымен оқытылады. Сонымен қатар, шәкірттердің өндістірік тәжірибе алмасулары ҚМДБ мен «Ақтөбе медресе колледжі» арасындағы келісім шарт негізінде жүргізіледі. 2017-2018 оқу жылында аталмыш мекемеде 1 курста – 21 студент, 2 курста – 22 студент, 3 курста – 14 студент, жалпы саны – 57 студент білім алуға. Сонымен бірге, аталмыш мекеменің сырттай бөлімінде Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Маңғыстау облыстарының 47 мешіт қызметкері білім алуға.

«Ақтөбе медресе колледжіндегі» кітапхана қоры 7360 кітапты құрайды. Барлық діни кітаптар Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің сараптамасынан өткізіліп, оң қорытынды алған.

Колледждегі ұстаздар саны 9 адам [1], сондай-ақ, аталмыш мекемеде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының шақыртуымен шетелдік ғалымдар, еліміздегі діни білім беретін жоғары оқу орындарының ғалымдары дәріс беріп тұрады.

Бүгінгі күні жастардың, оның ішінде, мектеп жасындағы жеткіншектердің діни білімге деген сұранысын қанағаттандыру маңызды мәселе болып отыр. Еліміздің жалпы орта білім беретін мектептерінде соңғы жылдардан бастап «Дінтану негіздері» пәні енгізілгендігі белгілі. Қазіргі таңда ол пән «Зайырлылық және дінтану негіздері» деп аталады. Міне, мектептегі осы пәнді оқытатын арнайы білімі бар мұғалімдер жоқ. Ол пәнді оқушыларға

тарихшылар немесе басқа мамандық иелері оқып жүр. Сол үшін Білім және ғылым министрлігі тарихпен қатар осы пәнді жүргізетін мұғалімдер дайындау үшін білім бағытында бакалавриаттың 5B013000-«Тарих-Дінтану» мамандығын енгізді. Осы мамандық бір жыл бұрын Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Тарих және дінтану кафедрасының базасында ашылды. 2018-2019 оқу жылына алғашқы талапкерлер қабылданды. Осы мамандықты бітіріп шыққан түлектер мектепте тарих және дінтану пәндерінен сабақ беруге мүмкіндік алады.

Өңірдегі діни ахуалдың тұрақты болуында, дәстүрлі емес мәзһабпен жүрген азаматтарды дұрыс жолға түсіруде «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының қызметі маңызды. «Аңсар» ақпараттық талдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Ақтөбе облысы әкімінің 2014 жылдың 3 наурызындағы №53 қаулысымен «Ақтөбе облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі жанынан құрылған болатын.

Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты – қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік органдардың конфессияаралық келісімді нығайтудағы және діни төзбеушілік пен экстремизм көріністеріне қарсы бірлескен тиімді іс-қимылды қамтамасыз ету және тұрғындардың толеранттық санасын қалыптастыру. Сонымен қатар, діни сауаттылықты көтеру, діни экстремизм және терроризм көріністерінің алдын алу болып табылады.

Мекемеде штаттық кесте бойынша жалпы саны 15 қызметкер жұмыс жасайды. Соның ішінде 12 қызметкер орталықта болса, қалған 3 қызметкер діни ахуалы күрделі деп танылған аудан (Шалқар, Темір, Мұғалжар) орталықтарында қызмет етуде [6].

«Аңсар» орталығы Дін істері басқармасы ұйымдастыратын барлық шараларға қатысады. Бірінші кезекте, ел арасында теріс ағым жетігінде жүрген азаматтарды оңалту, дәстүрлі ислам дінін насихаттау шараларын жүзеге асырады. Осы мақсатта облыс бойынша оннан астам (облыстық, қалалық және аудандық) ақпараттық-түсіндіру топтары қызмет атқарып келеді. Облыстағы ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін жүйелі және тиімді ұйымдастыру мақсатында тоқсан сайын «Аңсар» орталығы тарапынан топ мүшелеріне арнайы семинарлар ұйымдастырылады. Ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің қатысуымен өтетін іс-шаралардың басым көпшілігі жамағаттар мен жастарға бағытталған мақсатты кездесулер болып табылады.

Облыс аумағында орналасқан қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің түзету орындарында діни экстремизм, лаңкестік және сепаратизм ілімінің таралуына қарсы және оның алдын алу мақсатында бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жергілікті ҚМДБ өкілдері мен «Аңсар» орталығы теологтардың қатысуларымен тұрақты шаралар ұйымдастырылады.

Жалпы облыс көлемінде атқарылып жатқан шаралар дәстүрлі емес ағымдардың ықпалын бәсеңдетуге және өңірдегі діни ахуалдың тұрақтануына өз үлесін қосуда.

Көріп отырғанымыздай, облыстағы діни ахуалды тұрақтандыру бағытында ауқымда іс шаралар жүзеге асырылуда. Бұл шаралар екінші жағынан Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға бағытталған. Облыс көлемінде әлі де болса дінге қатысты күрмеуі шешілмеген мәселелер баршылық. Олар жалпы халықтың діни сауатының төмендігі, жастардың жат ағымдардың жетегінде кетуі, кейбір азаматтардың әсіре діншілдігі, соның негізінде қыздардың мектепке, орта арнаулы және жоғары оқу орындарына орамал тағып келуі, балаларына екпе салғызбауы және тағы басқалар. Дегенмен, қабылданған тиісті шаралардың нәтижесінде ондай ата-аналардың саны азайып келеді.

Қорыта айтқанда, Ақтөбе облысындағы қазіргі діни ахуал тұрақты деп айтуға толық негіз бар. Жыл сайын мешіттерді арнайы білімі бар діни қызметкерлермен қамту үлесі артып келеді. Жалпы облыста арнайы діни білімі бар мамандар мен қызметкерлерді дайындау дұрыс жолға қойылған. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыстар жүйелеуді қажет етеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында және тіпті жергілікті жоғары оқу орындарында білікті мамандар жетіспейді. «Дінтану», «исламтану» және «теология» мамандықтары бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейінде мамандар дайындау қажет деп есептейміз. Аталған мамандықтар бойынша дайындалған кадрлардың келуі дін саласындағы күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ақтөбе облысының дін істері басқармасының 2018 ж. II тоқсанындағы есебі // <http://din.aktobe.gov.kz/kk/node/59572>
2. Дәстүрден тыс конфессиялар туралы бұл ақпарат Ақтөбе облысының дін істері басқармасынан алынды.
3. Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві (АОМА). 715-қор, 1-тізбе, 1-іс.
4. АОМА. 715-қор, 1-тізбе, 10-іс.
5. АОМА. 715-қор, 1-тізбе, 1-іс.
6. Ақтөбе облысының дін ахуалы // Ақтөбе газеті <http://aktobe.gov.kz/kk/>